«ССКӨБ» АҚ сапа, қоршаған ортаны қорғау, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, энергоменеджмент саласындағы саясаты

«Соколов-Сарыбай кен-байыту өндірістік бірлестігі» акционерлік қоғамы («ССКӨБ» АҚ) қызметінің негізгі мақсаты (миссиясы) – темір кені шикізатын өндіру және қайта өңдеу, тұтынушылардың талаптары мен үміттеріне жауап беретін жоғары сапалы темір кені өнімдерін өндіру.

Біздің басымдықтарымыз – қоршаған ортаға ұқыпты қарау, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша тәуекелдерді басқару, бірлестік қызметінің ауқымы мен сипатына сәйкес энергетикалық қызмет нәтижелерін жақсарту.

Біздің қызметімізді ұйымдастыру ISO 9001, ISO 14001, ISO 45001 және ISO 50001 талаптарына сәйкес сапа менеджменті, қоршаған ортаны қорғау, Еңбекті қорғау және энергетикалық менеджмент жүйелерін қамтитын интеграцияланған менеджмент жүйесін құруға, жұмыс күйінде ұстауға және үздіксіз жақсартуға, барлық деңгейдегі басшылардың көшбасшылығына негізделеді.

Менеджменттің көрсетілген қағидаттарына сүйене отырып, біз өзіміз үшін келесі қызмет бағыттарын анықтадық:

1) Тұтынушыларға және басқа да мүдделі тараптарға бағдарлану; шешім қабылдау кезінде сапаға, қоршаған ортаны қорғауға, еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғауға, энергия үнемдеуге басымдық беру;

2) Персоналды жүйелі оқыту және олардың біліктілігін арттыру, сапа, қоршаған ортаны қорғау, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, энергия үнемдеу саласында жоғары мәдениетті қалыптастыру;

3) Барлық қызмет жоспарланбаған нәтижелерді алу тәуекелдерін ескере отырып, өзара байланысты процестер жүйесі ретінде қаралатын менеджментке процестік тәсілді енгізу және дамыту;

4) Өндірістік базаны жетілдіру, озық және энергия үнемдейтін технологияларды енгізу;

5) Қауіпсіз, зиянсыз және энергия үнемдейтін қызметтер мен өнімдерді сатып алу;

6) Заңнамалық талаптарға, сондай-ақ бірлестіктің қолданыстағы менеджмент жүйесінің талаптарына және тұтынушылар мен мердігерлерді қоса алғанда, мүдделі тараптар алдында өзіне қабылдаған міндеттемелерге сәйкес сапасыз өнім шығарудың, қоршаған ортаға нормативтен тыс әсер етудің, өндірісте денсаулыққа нұқсан келтірудің және нормативтен тыс энергия тұтынудың барынша ықтимал алдын алу және болғызбау;

7) Менеджмент жүйесінің жұмыс істеуін талдау нәтижелеріне және тұтынушылар мен басқа да мүдделі тараптардың талаптарын қанағаттандыруға, өндірістік жарақаттану мен апаттарды төмендетуге, энергетикалық қызмет нәтижелерін арттыруға бағытталған мақсаттар мен міндеттерді қоюға негізделген сапа менеджменті, қоршаған ортаны қорғау, еңбекті қорғау және энергетикалық менеджмент жүйесін тұрақты жақсарту және дамыту, тәуекелдер мен энергия тұтынудың техникалық қолайлы және экономикалық негізделген деңгейіне қол жеткізу.

«ССКӨБ» АҚ басшылығы тұтынушылардың, акционерлердің, бірлестіктің барлық ұжымының мүдделеріне жауап беретін осы саясатты іске асыру үшін қажетті ресурстармен және ақпаратпен қамтамасыз ету, сондай-ақ осы саясаттан туындайтын мақсаттар мен міндеттерді іске асыру үшін жауапкершілікті өзіне алады.

Бірлестік басшылығы әрбір қызметкерден жарияланған саясатты іс жүзінде іске асыруға белсенді қатысуын күтеді.

Өндіріс жөніндегі директор,
біріктірілген менеджмент жүйесі бойынша
«ССКӨБ» АҚ жоғары басшылығының өкілі **С.В. Кузьменко**

02.08.2023

Рудный қ., 2023 жыл